

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Ғылым және технологиялар саласындағы 2009 - 2011 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасына қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 маусымдағы N 896 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Ғылым және технологиялар саласындағы 2009 - 2011 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасының жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Үндістан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Қайрат Ермекұлы Омаровқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Ғылым және технологиялар саласындағы 2009 - 2011 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасына қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 2

м а у с ы м д а ғ ы

N 8 9 6

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Ғылым және технологиялар саласындағы 2009 - 2011 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі Тараптар деп аталады),

Тараптар мемлекеттері арасындағы Ғылым және технологиялар саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуге ниет пен өзара мүдделілік білдіре отырып,

бірлескен жобаларды, ғылыми алмасуларды жүзеге асыру Тараптар мемлекеттері арасындағы достықтың нығаюына ықпал ететініне сене отырып,

1992 жылғы 22 ақпандағы Сауда-экономикалық қатынастар, Ғылым мен технология саласындағы Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы

ынтымақтастық туралы келісімнің ережелерін назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Ғылым және технологиялар саласындағы 2009 - 2011 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) іске асыру мақсатында Тараптар Қазақстан-үндістан ғылыми-технологиялық ынтымақтастық комитетін (бұдан әрі - К о м и т е т) құрады .

Комитет отырыстары жылына бір рет немесе қажетіне қарай өзара келісім бойынша өткізіледі. Комитет құрамына тараптар айқындайтын Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасының ғалымдары, зерттеушілері, сарапшылары, технологтары кіреді.

2-бап

Тараптар осы Бағдарлама шеңберінде ынтымақтастықты мынадай түрде жүзеге асырады :

- а) қысқа және ұзақ мерзімді сапарлар ішінде ғалымдармен/зерттеушілермен/сарапшылармен/технологтармен (бұдан әрі - мамандармен) алмасу;
- б) электрондық құралдардың көмегімен екі елдің де ғылым мен технологиялар саласындағы жаңа әзірлемелерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету, екі жақты семинарларға, халықаралық ғылыми конференциялар мен көрмелерге қатысу;
- с) бірлескен ғылыми жобалар шеңберінде зерттеулер жүргізу;
- д) 2009 - 2011 жылдар ішінде өзара жұмыс сапарларын өткізуді қамтамасыз ету.

3-бап

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Үндістан Республикасы Ғылым және технология министрлігі осы Бағдарламаны іске асыру үшін жауапты органдар болып табылады.

4-бап

Тараптар ынтымақтастықты мынадай бағыттарда қолдайды және дамытады:

- а) биотехнология ;
- б) нанотехнология ;
- с) ғарыш қызметі ;
- д) ақпараттық технологиялар ;
- е) тау-кен-металлургия кешені ;

- f) жаңғыртылатын энергия көздері (биоэнергия, күн энергиясы, күн-термиялық және жел энергиясы) ;
- g) химия және мұнай химиясы ;
- h) Жер туралы ғылымдар ;
- i) жаңа және перспективалы материалдар.

Тараптар осы Бағдарлама шеңберінде Тараптардың өзара консультациялары жолымен қажеттілігіне қарай ғылым мен технологиялардың басқа да бағыттары бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыра алады.

5-бап

Тараптар ынтымақтастықты үйлестіруді тең құқылы негізде жүзеге асырады.

Екі Тарап та Бағдарламаны іске асыру барысында өзара мүддеге негізделген жобаларды ұсынады. Жобаларды осы Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан мен Үндістан ғылыми ұйымдары әзірлейді. Бірлескен жобалар бойынша ұсыныстар мақұлдау үшін Қазақстан мен Үндістанның жауапты органдарына жіберіледі.

Комитет мақұлдаған жобаларды жауапты органдар тағайындайтын жобаларды үйлестірушілер (әрбір тараптан бір-бірден) іске асыратын болады. Жобаларды іске асыруға байланысты шығыстарды аумағында оларды іске асыру жүргізілетін тарап жүзеге асырады .

Жылдық және түпкілікті есеп дайындауды жобаларды үйлестіруші ғылыми ұйымдар жүзеге асырады және Комитетке ұсынады.

6-бап

Осы Бағдарлама шеңберінде ынтымақтастықты іске асыру үшін Тараптар ең жаңа әзірлемелермен танысу, халықаралық және екі жақты конференциялар мен көрмелерге, сондай-ақ бірлескен ғылыми жобаларды іске асыруға қатысу мақсатында қысқа сапарлар ішінде мамандармен алмасуды жүзеге асырады.

7-бап

Үндістан тарабы Қазақстанның екі белгілі маманын жыл сайын қаңтар айында Үндістанда өткізілетін Үндістан ғылыми Конгресіне қатысу үшін шақырады.

8-бап

Жіберуші тарап қабылдаушы тараптың жауапты органына жоспарланған сапар басталғанға дейін екі ай бұрын осы Бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес алмасу бойынша іссапарға жіберілетін мамандар туралы ақпарат береді.

Қабылдаушы тарап бір ай ішінде жіберуші тарапқа өзінің маманды қабылдауға

дайын екендігі туралы хабарлайды.

Жіберуші тарап маманның жоспарланған келу күніне дейін кемінде екі аптадан кешіктірмей маман іссапарының нақты күні туралы хабарлайды. Маман баратын институттардың саны шектеулі (2-ден аспайды).

Қабылдаушы тарап осы Бағдарламаны орындауға қатысатын мамандарға ақы төлемей визалар беру мүмкіндігін қарастырады.

9-бап

Осы Бағдарламаны іске асыру мақсатында жіберуші тарап жіберілетін мамандардың келген елдің ғылыми институтына жақын әуежайға дейін авиа ұшуы және оларды медициналық сақтандыру жөніндегі шығыстарды өзі көтереді.

Қабылдаушы тарап өзара келісілген кездесулер мен семинарларды өткізу үшін жиһазбен еркін жабдықталған апартаменттерде тұруға, көліктік шығыстарға және ұйымдастыру шығыстарына ақы төлейді.

10-бап

Осы Бағдарлама Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

11-бап

Осы Бағдарламаның ережелерін түсіндіру немесе қолдану бойынша даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар жолымен шешетін болады.

12-бап

Осы Бағдарлама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2011 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Бағдарламаның ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

Осы Бағдарламаның қолданылуын тоқтату бірлескен жобалардың немесе оның шеңберінде орындалатын басқа бірлескен қызметтің аяқталуына әсер етпейді.

13-бап

2009 жылғы "___" _____ Нью-Дели қаласында қазақ, орыс, хинди және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші

б а р .

Осы Бағдарламаның ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасы

Үндістан Республикасы

Үкіметінің атынан

Үкіметінің атынан

1-қосымша

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының
Үкіметі арасындағы Ғылым және технологиялар саласындағы
2009 - 2011 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасы**

(Бірлескен зерттеу жобасында қолдану үшін сауалнама)

А. Жобаны сәйкестендіру

1. Жобаның атауы _____
2. Жобаны іске асыру мерзімдері, аймен _____
3. Жобаны бастаудың межелі күні _____
4. Жобада қамтылатын ғылым және технологиялар саласы _____
5. Жобаны зерттеушілер мен ынтымақтастық жасайтын институттар:

Мәліметтер	Қазақстан	Үндістан
Зерттеушінің Т.А.Ә. Лауазымы Институттың орналасқан жері Телефон Факс e-mail Туған күні		
Ынтымақтастық жасаушы зерттеушінің Т.А.Ә. Лауазымы Институттың орналасқан жері Телефон Факс e-mail Туған күні		

В. Техникалық ақпарат

1. Жобаның мақсаттары (200 сөзге дейін) _____
2. Ынтымақтастық үшін негіздеме мен болжамды зерттеу саласындағы ұлттық және халықаралық сценарий туралы қысқаша ақпарат (200 сөзге дейін) _____
3. Әдіснаманы қоса алғанда, жобаның қысқаша ғылыми және техникалық сипаттамасы (400 сөзге дейін) _____
4. Бірлескен жұмыс жоспары:

--	--	--

Кезеңі	Қазақстандық тараптың жауапкершілігі	Үнді тарапының жауапкершілігі
1-жыл		
2-жыл		
3-жыл		

5. Жобалар бойынша жұмыстар жүзеге асырылатын мекемелердегі жоба бойынша қызметке байланысты инфрақұрылым объектілері:

Қазақстандық ынтымақтастық жасайтын институттарда	Үндістандық ынтымақтастық жасайтын институттарда

6. Жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті сапарлар саны:

Кезеңі	Үндістаннан Қазақстанға		Қазақстаннан Үндістанға	
	Саны	Ұзақтығы	Саны	Ұзақтығы
1-жыл				
2-жыл				
3-жыл				

7. Осы ынтымақтастықтан күтілетін нәтижелер (мысалы, бірлескен жарияланымдар, патенттер және т.б). Күтілетін нәтижелердің коммерциялық құндылығы бар ма? (100 сөзге дейін) _____

8. Қазақстан және Үндістан зерттеушілері туралы мәліметтер (сипаттамада осы Бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес тиісті жарияланымдарға сілтеме жасалып, жобаны зертеушілердің болжалды жұмыс саласындағы арнайы білімдері көрсетілуі тиіс).

С. Әкімшілік және қаржылық ақпарат

1. Жобаның құны _____

Жыл	Алмасу бойынша сапарлар		Резерв	Жалпы
	Үндістан ғалымдарының Қазақстанға	Қазақстан ғылымдарының Үндістанға		
1-жыл				
2-жыл				
3-жыл				
Барлығы				

2. Жобаны зерттеушілердің қолдары

Қазақстаннан _____

Үндістаннан _____

3. Ынтымақтастық жасаушы институттар басшыларының өтініштері
м ы н а л а р :

институт осы зерттеу жобасына қатысуға келіседі;
институт бірлескен жобаны орындау үшін инфрақұрылым мен қажетті жағдайларды
қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

институт орындалатын жобалар бойынша қаржылық және басқа әкімшілік
жауапкершілікті өзіне алады;

институт қажет болған жағдайда маманды алмастыруды қамтамасыз етеді деп бекітілген.

Институт басшысының қолы мен мөрі:

Қазақстаннан

Үндістаннан

2-қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Ғылым және технологиялар саласындағы 2009 - 2011 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасы

(Алмасу бойынша сапарға арналған өтінімнің үлгісі)

1. Жобаның атауы _____
2. Жобаның коды _____
3. Тегі, аты, әкесінің аты _____
4. Лауазымы _____
5. Жынысы _____
6. Туған күні және жері _____
7. Әкесі мен шешесінің тегі, аты, әкесінің аты _____

8. Паспортының нөмірі, берілген күні мен орны _____

9. Ұйымның атауы және орналасқан жері, телефон, факс, e-mail _____

10. Мамандану саласы (өткен 5 жыл ішіндегі маңызды жарияланымдары) _____

11. Болжалды сапардың ұзақтығы, келуінің және кетуінің болжалды күні _____

12. Келудің жоспарлы порты _____

13. Сапар кезінде баратын институттар (екіден көп емес) _____

14. Сапар мақсаты мен күтілетін нәтижелердің қысқаша сипаттамасы (егер қажет болса, бөлек парақта) _____

К е л у ш і

Ғ а л ы м н ы ң

Қ о л ы

Күні _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК